

**Қостанай облысы Денисов ауданының Қырым ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылы тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2022 жылғы 23 маусымдағы № 62 шешімі. Жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2023 жылғы 8 қарашадағы № 67 шешімімен

**Ескерту. Жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 08.11.2023 № 67 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Денисов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Денисов ауданының Қырым ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Денисов ауданының Қырым ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Денисов аудандық мәслихатының хатшысы*

*А. Мурзабаев*

Мәслихатының

2022 жылғы 23 маусымдағы

№ 62 шешімімен

бекітілген

**Қостанай облысы Денисов ауданының Қырым ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Денисов ауданының Қырым ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу қағидалары (бұдан әрі- Қағидалар) "

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, " Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Денисов ауданының Қырым ауылының тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін – Денисов ауданының Қырым ауылының аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылы тұрғындары (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Денисов ауданының Қырым ауылының аумағы учаскелерге (көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Денисов ауданының Қырым ауылының әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Денисов ауданының Қырым ауылының әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауылы шегінде бөлек жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізуді Денисов ауданының Қырым ауылының әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы Денисов ауданының Қырым ауылының алдында тиісті ауылда қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Денисов ауданының Қырым ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Денисов ауданының Қырым ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Денисов ауданының Қырым ауылы, тұрғындары үшін өкілдерінің кандидатураларын ауданның аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Денисов ауданының Қырым ауылы әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихатының  
2022 жылғы 23 маусымдағы  
№ 62 шешіміне  
қосымша

**Қостанай облысы Денисов ауданының Қырым ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылы мен көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

| Елді мекеннің атауы   | Қостанай облысы Денисов ауданының Қырым ауылының тұрғындары өкілдерінің саны (адам) |
|---|---|
| Қырым ауылы Ленина, Мира көшелерінің тұрғындары үшін                    | 1   |
| Қырым ауылы Кухтина, Спортивная көшелерінің тұрғындары үшін             | 1   |
| Қырым ауылы Крымская, Парковая көшелерінің тұрғындары үшін              | 1   |
| Қырым ауылы Майская, Степная көшелерінің тұрғындары үшін                | 1   |
| Қырым ауылы Комсомольская көшесінің тұрғындары үшін                     | 2   |
| Қырым ауылы Интернациональная, Строительная көшелерінің тұрғындары үшін | 2   |
| Қырым ауылы Целинная көшесінің тұрғындары үшін                          | 2   |
| Қырым ауылы Новая көшесінің тұрғындары үшін                             | 1   |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК